

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

Жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына және <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)>

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> ____ теңге тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарды сатып алуды өткізу туралы шешімді қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Жұмысты орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Сатып алынатын Жұмыстың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы және жобалау тапсырмасы Шартқа 1, 2, 3 - қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> ____ теңге ____ тиынды (____ теңге ____ тиын) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, ____ теңге ____ тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құнынан, <және ____ теңге ____ тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып,

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады) тұрады.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмысты орындауға байланысты барлық шығыстары кіреді.

Шарттың жалпы сомасы Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған _____ (құжаттардың атауын көрсету) негізінде нақты орындалған Жұмыстардың көлеміне қарай азайтылуы мүмкін (бұл абзац қажет болған жағдайда қолданылады).

2.2. Шарт бойынша ақы төлеуді Тапсырыс беруші мынадай тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

ҚҚС сомасын есепке алғанда (есепке алмағанда) Шарттың жалпы сомасының 100 (жүз) пайыздық алдын ала төлемді, Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) (егер Жеткізуші бейрезидент болса инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Өнім беруші қағаз тасымалдауыштағы алдын ала төлем шотын Тапсырыс берушіге Өнім беруші Шарттың орындалуын толық қамтамасыз ету сомасын салған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Өнім берушінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге береді. Ілеспе хатта Өнім беруші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Төлем шоты (шот-фактура) (егер Жеткізуші бейрезидент болса инвойс) екі Тарап та толық көлемде орындалған жұмыс актісіне (бұдан әрі – Акті) қол қойғаннан кейін беріледі.

Жеткізуші шот-фактураны Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Тараптар Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша ақы төлеу жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын кірістеріне қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу

күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан кіріс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) күнтізбелік күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Тараптар қажеттілікке қарай Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған тиісті акт жасай отырып, екі жақты тәртіппен өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші орындаған Жұмысты *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмысты орындау үшін тартқан мамандарын Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген Жұмысты жүргізу орнына кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;
- 3) орындалған Жұмыс үшін Шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқама және нұсқама өткізуге;
- 5) Өнім берушінің тартылған қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің Кіру және объект ішіндегі режим ережелері бойынша нұсқама өткізуге;
- 6) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.
- 7) Шарттан туындайтын және онда реттелмеген мәселелерді және Тараптардың басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстың тиісті түрде орындалуын талап етуге;

- 2) Жеткізуші орындайтын Жұмыстардың орындалу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмысты орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмысты қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде орындалған Жұмыстан кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 8) Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан Шарт бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы.
- 9) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелерін сақтауды талап етуге;
- 10) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режимдерді сақтауын талап етуге;
- 11) Шарт талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлды) шегере отырып, төлем жүргізуге;
- 12) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдағыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге себептерін көрсете отырып, қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдауға келіспейтіні туралы хат жолдауға;
- 13) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, бұл ретте Жеткізушіден Шарттың 6-бөліміне сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге;
- 14) жасалған жобалау құжаттамасының немесе орындалған іздестіру жұмыстарының кемшіліктеріне байланысты Тапсырыс берушіге үшінші тұлға қойған талап қою бойынша Жеткізушіні іске қатысуға тартуға құқылы;
- 15) Кез келген хабарламаны екінші Тарапқа жіберген кезде Шартқа сәйкес оны пошта, факс, электрондық пошта немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмысты Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;

- 2) Тапсырыс берушінің қарауына Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмысты *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстан ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, ал кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанына немесе тиісті түрде орындамағанына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуі тиіс;
- 8) сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлерді ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, Жеткізуші оларды ауыстыру күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлердің біліктілігінен төмен емес қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. Жеткізушінің қызметкерлерді ауыстыруы Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін (қажет болған жағдайда);
- 9) қосалқы мердігерлерді Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екісінен аспайтын көлемде тарту жағдайларын қоспағанда (қажет болған кезде), Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық та, ішінара да бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) Жұмысты жоғары білікті мамандармен, оның ішінде қажетті рұқсаттары мен кіру рұқсаттары бар мамандармен орындауды қамтамасыз етуге;
- 12) Жұмысты санитариялық, өртке қарсы және экологиялық талаптарға сәйкес орындауды қамтамасыз етуге;
- 13) Шарттың осы тармағының 14) тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде, оның ішінде олардың салдарларын жою бойынша дербес және өз есебінен толық көлемде жауапты болуға;
- 14) Тапсырыс берушіні Жұмысты орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен залал келтіру не бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша Тапсырыс берушіге қойылатын үшінші тұлғалардың талаптары мен наразылықтарынан қорғауға;
- 15) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны салдарынан

Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген зиянды (залалды) Тапсырыс берушіге өтеуге;

16) Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігіне және денсаулығына зиян келтіруге немесе залал келтіруге, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына байланысты және Шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекелдер үшін жауапты болуға;

17) Объектіде белгіленген режимдік талаптарды сақтауға (қажет болған жағдайда);

18) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде орындалған Жұмыстың сапасына кепілдік беруге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Жеткізушінің (кепілгердің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беруге міндеттенеді.

19) шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тараптар шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының 100 % (жүз пайызы) мөлшерінде 10-бөлімге сәйкес енгізсін.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдік ақшалай жарна түрінде енгізілген жағдайда, ҚРҰБ операциялық есеп департаментінің банк шотына енгізіледі,

Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің тиынмен есептелетін сомасы дөңгелектенеді. 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін, ал 50 (елу) тиын немесе одан көп сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді;

20) жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

Жұмысты орындауға тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымал компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз қалта телефондарын (WI-FI, WI-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, автокөлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

21) Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге, (кірген/шыққан кезде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

22) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі – БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, әкелінген мүлікке ілеспе құжаттарды көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

23) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды:

атыс, суық қару және өзге қаруларды, оқ-дәрілерді;

жеке қарап бақылау құралдарын, бейне -, кино- және фотоаппаратураларды, жазып алу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB – дискілер және басқалар), мобильді байланыс құралдарын, сондай-ақ олардың керек-жарақтарын, жеке электронды техниканы, адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағза органдары мен жүйелерінің функциясын ауыстыру немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағандағы радиотехникалық және басқа аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалары) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, соның ішінде сымсыз құрылғыларды;

уландырғыш заттарды және күшті әсер ететін улы заттарды;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттарды;

психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарды, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда) көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға;

24) Жұмыс орындауды бастағанға дейін жұмыс орындауға тартылған қызметкерлердің Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режимдер ережесі бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

25) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режимдерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

26) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға;

27) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан біржақты тәртіппен Шарт бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға, шығындарды толық көлемде өтеуге және Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;

28) Шарттан туындайтын және онда реттелмеген мәселелерді және Тараптардың басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

29) Жұмысты орындау кезінде қолданыстағы құжаттаманы басшылыққа алуға және мынадай талаптарға сәйкес орындауға:

ЖСҚ әзірлеу Тапсырыс беруші бекіткен тапсырмаға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

30) егер Шарт бұзылса, жұмыстарды дереу тоқтатуға;

31) Жұмысты Шарт жасасу кезінде жобалауға арналған бастапқы деректерге сәйкес орындауға;

32) дайын ЖСҚ-ны Тапсырыс берушімен, ал қажет болған кезде Тапсырыс берушімен бірге - құзыретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісуге;

33) Тапсырыс берушіге дайын ЖСҚ-ны және іздестіру жұмыстарының нәтижелерін бір мезгілде беруге;

34) Тапсырыс берушінің келісімінсіз ЖСҚ-ны үшінші тұлғаларға бермеуге;

35) ЖСҚ-ны Қазақстан Республикасында тиісті рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдарда немесе басқа да субъектілерде сараптамадан өткізу кезінде оң қорытынды алғанға дейін жобаны сүйемелдеуге;

36) ЖСҚ-да немесе іздестіру жұмыстарында кемшіліктер анықталған кезде Тапсырыс берушінің талабы бойынша ЖСҚ-ны өтеусіз қайта жасауға және тиісінше қажетті қосымша іздестіру жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеуге;

37) Жеткізушіге тәуелді емес мән-жайлардың салдарынан жобалау үшін бастапқы деректер өзгерген жағдайда Тапсырыс беруші тарапынан қосымша төлемсіз шарт бойынша жұмыстарды орындауға;

38) жобаны іске асыру кезінде авторлық қадағалауды жүзеге асыруға.

39) жобалауға арналған тапсырмада (Шартқа 3-қосымша) және Тапсырыс берушінің басқа да бастапқы деректерінде көрсетілген талаптарды сақтауға міндетті. Жеткізуші олардан Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен ғана шегінуге;

40) ЖСҚ-да экологиялық және санитариялық нормаларға сәйкес келетін жабдықтарды, құрылыс материалдарын, конструкцияларды және олардың жоғары сапалы жиынтықтауыштарын пайдалануды көздеуге;

41) орындалған жұмыстарды Тапсырыс берушіге ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өту үшін сараптама жасау ұйымына құжаттаманы ұсыну үшін қажетті көлемде және форматта қағаз жеткізгіште 1 (бір) данада және электрондық түрде беруге;

42) жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасын ЖСҚ жүргізу кезінде сараптама ұйымы анықтаған ЖСҚ-ға ескертулерді жоюға, өз есебінен ЖСҚ-ға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және оны сараптама ұйымы ескертулерді жою үшін белгілеген мерзім өткенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын Тапсырыс берушіге беруге;

43) сараптаманың оң қорытындысын алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Тапсырыс берушіге жобаны ЖСҚ 4 (төрт) данада қағаз жеткізгіште және dwg және pdf форматында электрондық түрде беруге;

44) ЖСҚ сараптамасының теріс қорытындысын алған жағдайда, сараптама талаптарына сәйкес келетін көлемде ЖСҚ түзетуді жүргізуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге құжаттарға ақы төлеуді растайтын құжаттар негізінде ЖСҚ сараптамасын жүргізуге арналған шығындарды Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің банктік шотына аудару жолымен 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеуге;

45) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан жоба сараптамасының ЖСҚ қайта теріс қорытындысын алған жағдайда, Тапсырыс беруші 2.2-тармаққа сәйкес жүргізген алдын ала төлем сомасын қайтаруға және Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің банктік шотына аудару жолымен 5 (бес) жұмыс күні ішінде жобаның ЖСҚ қайта сараптамасын жүргізуге арналған шығындарды Тапсырыс берушіге өтеуге, сондай-ақ шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапқа тартылуға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмысты орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмысты орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыс үшін ақы алуға құқылы.

4) Жұмыс орындау кезінде өндірістік қажеттілік жағдайында мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта да жұмыс істеуге;

5) Кез келген хабарламаны екінші Тарапқа жіберген кезде Шартқа сәйкес оны поштамен, факспен, электрондық поштамен немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге;

6) Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне сәйкес объектінің құрылысына авторлық қадағалауды жүзеге асыруға өкілдік етуге құқылы.

4. ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмысты орындау мерзімі ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды және Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасаған күннен бастап есептеле бастайды.

Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша актіге қол қою ЖСҚ сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4.2. Жеткізуші Жұмысты мынадай мекенжай бойынша орындайды: А01Т7М2, Алматы қ., Райымбек даңғ., № 511 үй.

4.3. Жұмыстар ЖСҚ сараптамасының оң қорытындысын алғаннан және Актіге қол қойылғаннан кейін толық көлемде орындалды деп есептеледі.

5. ЖҰМЫСТЫ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Жұмысты орындағаннан кейін Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына және мемлекеттік нормативтерге сәйкес ЖСҚ ұсынады.

5.2. Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірлесіп ЖСҚ алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде орындалған жұмыстардың толықтығын, сапасын және олардың шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін ЖСҚ орындалған жұмыстарды қабылдау-беруді жүргізеді және ақаулар болмаған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен сараптама жүргізу үшін ЖСҚ-ны сараптама ұйымына ұсынады.

5.3. Ақаулар болған кезде Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші оны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде онда көрсетілген барлық Ақауларды жоюға, оның ішінде Ақаулы Материалдарды өз есебінен ауыстыруға міндетті. Жеткізуші Ақауларды жойғаннан (оның ішінде Ақаулы Материалдарды ауыстырғаннан) кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары ЖСҚ-ға қол қояды.

5.4. Жұмыс толық көлемде орындалғаннан (аяқталғаннан) кейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес Актіні қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабарлама береді. Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірлесіп, Тапсырыс беруші жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде орындалған Жұмысты қабылдау-өткізуді жүргізеді және Ақаулар болмаған жағдайда Тараптар орындалған Жұмыстың аралық актісіне, орындалған Жұмыс мен шығындардың құны туралы анықтамаға, сондай-ақ Актіге (осы тармақ қажет болған жағдайда қолданылады) қол қояды.

5.5. Сараптама ұйымы Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан ЖСҚ сараптамасының теріс қорытындысын берген жағдайда, Жеткізуші 2.2-тармаққа сәйкес Тапсырыс беруші жүргізген алдын ала төлем сомасын қайтарады және Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.6. Сараптама ұйымынан жобаға ескертулер ЖСҚ алған кезде Тапсырыс беруші оларды Шарттың 3.3-тармақтың 44) тармақшасында белгіленген мерзімде жою үшін Жеткізушіге жібереді. Жеткізуші ЖСҚ-ға ескертулерді жойғаннан кейін Тапсырыс беруші жобаны ЖСҚ сараптама жасау үшін сараптама ұйымына қайта ұсынады.

Тапсырыс беруші сараптама ұйымынан ЖСҚ сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін тараптар 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Актіге қол қояды.

ЖСҚ-ға мүліктік (айрықша) құқықтар Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге толығымен ауысады.

5.7. Жеткізуші Ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоймаған (оның ішінде Ақаулы

Материалдарды ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан) жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда Жұмысты орындау күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) орындалған Жұмыстағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Ақауларды жоймаған, оның ішінде орындалған Жұмыстан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартқан жағдайда:

- орындалған Жұмысты қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең келетін Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 8-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жариялау салдарынан туындаған залалды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге ақы төлеу күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Жеткізушінің Шарттың 3.3.-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жұмыстың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпарат ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші ақы төлеу жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілді мерзім кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.11. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.12. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытында енгізбеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілген күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күн үшін 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.13. Өнім беруші өзі берген материалдардың, жабдықтардың тиісті сапада болмағаны, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған материалдарды, жабдықтарды бергені үшін жауапкершілік алады.

6.14. Тапсырыс беруші 3.3-тармақтың 27) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 15% (он бес пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

6.15. Тапсырыс беруші/сараптама ұйымы анықтаған ақаулар жойылмаған жағдайда Жеткізуші Шарттың жалпы сомасының 15% (он бес пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.16. Тапсырыс беруші Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан ЖСҚ сараптамасының теріс қорытындысын алған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушінің ЖСҚ сараптамасын жүргізуге жұмсаған шығындарын өтейді, сондай-ақ өз есебінен сараптама талаптарына сәйкес келетін көлемде ЖСҚ түзетуді жүргізеді.

6.17. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.18. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны салдарынан Жеткізушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасына қайтармайды.

7. КЕПІЛДІКТЕР

7.1. Жеткізуші тиісті сападағы Жұмыстарды толық көлемде, сондай-ақ Шартта көзделген мерзімде және талаптарда орындауға кепілдік береді.

7.2. Жеткізуші Материалдардың тиісті (жоғары) сапасына, олардың мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкестігіне, олардың тиісті сертификаттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

7.3. Орындалған Жұмыстан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап 3 (үш)

күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

7.4. Орындалған Жұмыстың кепілдік мерзімі Тараптар *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 1 (бір) айды құрайды.

Жеткізуші Тапсырыс берушіге Мердігердің (кепілгердің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама береді.

7.5. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.6. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде анықталған ақауларды жоюға мүмкіндік болмаған/одан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

8.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан персоналға ұсыну жағдайын қоспағанда, жария етпейтінін мойындайды. Көрсетілген ақпарат осы персоналға жасырын және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуі тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, жария етпейтінін мойындайды.

8.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

8.3. Шарттың 8.1 және 8.2-тармақтарында және Жасырындылықты сақтау туралы келісімде көзделген міндеттемелерді орындау үшін Жеткізуші Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартылған адамдарды (өз қызметкерлерін), сондай-ақ олардың Жасырын ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге (Шартқа ___-қосымша) қол қойғызып олардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталған күнге дейін ___ (___) ___ күн (қажет болған жағдайда) ұсына отырып, Жасырындылықты сақтау туралы келісімнің талаптарымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

8.4. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартылған тұлғалар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

9. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

9.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

9.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 9.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

9.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

10. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(осы бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

10.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасынан 100 % (жүз пайыз) мөлшерде:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;
- 2) банк кепілдігін немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігін;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақшаны енгізеді.

10.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті тұлғалары <Жұмыстардың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге қайтаруды қамтамасыз етеді.

10.3. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

11.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

11.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

12. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

12.2. Шарттың 12.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

12.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда:

1) Тапсырыс берушінің Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

12.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

13. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

13.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

14. ШАРТ ТІЛІ

14.1. Шарт заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды.

15. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

15.1. Шартқа 1, 2, 3 қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

15.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

16. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің Бек>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің Бек>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)>

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок работ <наименование работ> (далее - Работы) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

